Барлық елдердің пролетарлары, біріңдер!

Ленин туы

Шығуына 27-шы жыл
№ 27 (6987)
1945 жыл
Жұма
9 февраль
Жеке саны
20 тыйын

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қаладық комитетінің газеті

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы КОНЕВҚА Майдан штабының бастығы Армия генералы СОКОЛОВСКИЙГЕ

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласының оңтүстік-шығыс жағында ОДЕР өзенінен өтті, өзеннің батыс жақ жағалауындағы немістердің ұзақ уақытқа арналып жасалған күшті бекіністі қорғану шебін бұзды, сөйтіп үш күнгі шабуыл ұрыстары кезінде 20 километр алға басып, табан тірейтін шептің енін майдан бойына 80 километр кеңейтті.

Ұрыстардың барысында әскерлеріміз қатынас жолдарының маңызды тораптары және ОДЕРДІҢ батыс жақ жағалауындағы немістердің күшті тіректі қорғану бекіністері—ОЛАУ, БРИГ, ТОМАСҚИРХ, ГРОТТҚАУ, ЛЕВЕН және ШУГАРСТ қалаларын алды.

ОДЕР өзенінен өту ұрыстарында генерал-полковник ГУСЕВТІҢ, генерал-полковник ЖАДОВТЫҢ, генерал-лейтенант БУХОВЕЦТІҢ, генерал-майор ЛЯМИННІҢ, генерал-лейтенант НОВОСЕЛЬСКИЙДІҢ, генерал-майор НАУМОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЛЕБЕДЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант РОДИМЦЕВТІҢ, полковник ДОЛГОВТЫҢ, полковник ҚУХАРЕВТІҢ, полковник КУЗНЕЦОВТЫҢ, полковник ПЕСОЧИННІҢ, полковник ЗИНОВЬЕВТІҢ, генерал-майор ЗАЙОНЧКОВСКИЙДІҢ, полковник ГОРЯЧЕВТІҢ, полковник ШУМЕЕВТІҢ, генерал-майор МОТОВТЫҢ, генерал-майор ОЛЕЙНИКОВТІҢ әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты МИХАЛКИННІҢ, артиллерия генерал-майоры ПОЛУЭКТОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры КОФАНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры САНЬКОНЫҢ, полковник ГОРДЕЕВТІҢ, полковник ТАРАСОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры БУДКОВТЫҢ, полковник ЧЕВОЛАНЫҢ артиллериясылары; генерал-полковник РЫБАЛКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры БАХМЕТЬЕВТІҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры КУЗНЕЦОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПОЛУБОЯРОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры НОВИКОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ИВАНОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты СУХОВТЫҢ танкшілері; авиация генерал-лейтенанты РЯЗАНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты УТИННІҢ, полковник МАЧИННІҢ ұшқыштары; полковник ГРОМЦЕВТІҢ, полковник ПОДОЛЫННЫЙДЫҢ, полковник КАМЕНЧУКТІҢ саперлері; полковник ШОЛАМЫТОВТЫҢ, полковник БОГОМОЛОВТЫҢ, полковник БОРИСОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ОДЕР өзенінен өту ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ОДЕР» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 6 февральда, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жиырма төрт зеңбіректен жиырма дүркін артиллерия оғын атып, ОДЕРДЕН өткен 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ОДЕР өзенінен өту және БРЕСЛАУДЫҢ оңтүстік-шығыс жағындағы табан тірейтін шепті алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қиймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 6 февраль.
№ 270.

А. И. Қыстауов жолдасты Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ахметбек Мұхамедиярұлы Қыстауов жолдас Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 2 февраль.

И. О. Омаров жолдасты Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ілияс Омарұлы Омаров жолдас Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 2 февраль.

Одақтас үш мемлекет—Советтер Одағы, Америка Құрама Штаттары және Ұлы Британия басшыларының конференциясы

Америка Құрама Штаттарының президенті, Советтер Одағының басшысы және Ұлы Британияның бас министрі өздерінің штаб бастықтарын, сол сияқты үш сыртқы істер министрін тағы басқа кеңесшілерін ертіп шығып, қазіргі уақытта Қара теңіз ауданында мәслихат өткізіп жатыр.

Олардың мақсаты жалпыға бірдей жауды талқандау үшін аяқтау жоспарларын біріктіріп жүзеге асыру және өздерінің одақтастарымен бірлесіп, ұзақ уақыттық бейбітшіліктің берік негіздерін жасау болып саналады.

Мәслихат үздіксіз жүргізілуде.

Конференция соғыс жөніндегі келіссөздерден басталды. Европаның барлық майдандарындағы қазіргі жағдай қаралып, нағыз толық пікір алысылды. Нацистік Германияға қарсы соғыстың ақырғы кезеңінде соғыс қиймылдарын бірлесіп жүргізу жөнінде толық келісушілік бар. Қазіргі уақытта үш үкметтің соғыс штабтары бірлесіп нақтылы жоспарлар жасап жатыр.

Баянды бейбітшілік орнатуға байланысты міндеттер жөнінде де келіс сөздер басталды. Бұл келіс сөздердің Германияны оккупациялап, бақылауға, ізат етілген Европаның саяси экономикалық міндеттерінде, бейбітшілікті сақтау үшін халықаралық тұрақты ұйымды тез құру туралы ұсынысқа байланысты жоспарларды бірлесіп жасауға қатысы бар.

Конференция аяқталысымен мазмұндама жарияланады.

Совет Хабаршы бюросынан

6 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

6 февральда Шығыс Пруссияда, АЛЛЕНШТАЙН қаласы ауданында әскерлерімізі шабуыл ұрыстары нәтижесінде РОССЕДЕН, ЛАНГВИЗЕ, ЛАУНАУ, ФРАЙМАРКТ, БЕНЕРН, АРНСДОРФ, ФОЙГТСДОРФ қыстақтарын алды.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, БРЕСЛАУ (БРЕСЛАВЛЬ) қаласының оңтүстік-шығыс жағында ОДЕР өзенінен өтті, өзеннің батыс жақ жағалауындағы немістердің ұзақ уақытқа арналып жасалған күшті бекіністі қорғану шебін бұзды, сөйтіп үш күнгі шабуыл ұрыстары кезінде 20 километр алға басып, табан тірейтін шептің енін майдан бойына 80 километр кеңейтті.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері қатынас жолдарының маңызды тораптары және ОДЕРДІҢ батыс жақ жағалауындағы немістердің күшті тіректі қорғану бекіністері—ОЛАУ, БРИГ, ТОМАСҚИРХ, ГРОТТҚАУ, ЛЕВЕН және ШУГАРСТ қалаларын алды, сол сияқты 60тан аса басқа елді жерлерді ұрыспен алды.

БУДАПЕШТЕ әскерлеріміз қаланың батыс жақ бөлегінде (БУДА) қоршауға алынған дұшпанның гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, 12 кварталды алды.

1-БЕЛОРУС майданында әскерлеріміз немістердің 433-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант ЛЮББЕНІ қолға түсірді.

5 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 189 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 21самолеті атып түсірілді.

7 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 февральда КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде ЛИПНИКЕН, ЗОДЛАУ, ҚОСМАЛЕН, ЛАЙДТҚАЙН, ЛАМПАШ, ПОШЛОШЕН қыстақтарын алды. 5 және 6 февральда КЕНИГСБЕРГ ауданында әскерлеріміз немістердің 2260 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

КЮСТРИН қаласының (Одерде) солтүстік және оңтүстік жағында әскерлеріміз ОДЕР өзенінің шығыс жақ жағалауын дұшпаннан тазарту жөнінде ұрыстар жүргізіп, ЦЭКЕРИК, АЛЬТ ЛИТЦЕГЕРИКА, ГЮСТЕБИЗЕ, ХЭЛЬЗЕ, КЛЕВИТИ, АЛЬТ ДРЕВИТЦ, ТРЕТТИН, КУНЕРСДОРФ, АУРИТЦ қыстақтарын алды. 5 және 6 февральдағы ұрыстар кезінде бұл ауданда әскерлеріміз немістің 4 мыңнан аса солдаты мен офицерін және аэродромдарда дұшпанның 69 самолетін қолға түсірді.

БРЕСЛАУДЫҢ (БРЕСЛАВЛЬ) оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз Одердің батыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шепті кеңейту жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, 50ден аса елді жерлерді, аның ішінде МЭРЦДОРФ, ВЮРБЕН, ГРОССБУРГ, ЛЕХТЕНБЕРГ, ДОЙЧЕ-ЛАЙППЕ, МИХЕЛАУ, БОРКЕНХАЙН, ВОЛЬФСГРУНД, ЭЙЗЕНАУ, ПРЕЙСДОРФ үлкен қыстақтарын алды. 5 және 6 февральдағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 4200ден аса солдаты мен офицері және аэродромдарда дұшпанның 28 самолеті қолға түсірілді.

БУДАПЕШТЕ дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді, бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз 10 кварталды алды. 5 және 6 февральдағы ұрыстарда қаланың батыс жағында (БУДА) дұшпанның 5600ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

6 февральда барлық майдандарда немістердің 140 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 26 самолеті атып түсірілді.

Былылғы 12 январьдан 4 февральға дейін шабуыл ұрыстары кезінде әскерлеріміз майданның орталық учаскесінде немістердің 88-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Ритбергті, немістердің 34-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-майор Лиссті, немістердің 433-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Люббені, немістердің 17-танк дивизиясының командирі полковник Брукты, немістердің 10-моторландырылған дивизиясының командирі полковник Вияльді, немістердің 42-армия корпусының штаб бастығы полковник Драбих-Вехтерді, немістердің 42-армия корпусының артиллерия қолбасшысы полковник Розенді, авиация министрлігінің бөлім бастығы авиация генералы Манкені, 39-еңбек соғыс өлкесінің бастығы генерал Вессеманды қолға түсірді.

Өлтірілген неміс солдаттары мен офицерлері арасынан немістердің 42-армия корпусының командирі жаяу әскер генералы Рекнагерьдің, немістердің 56-танк корпусының командирі жаяу әскер генералы Блоктың, немістердің 69-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Райнның, немістердің 72-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-майор Хонның, немістердің 78-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-майор Гиршфельдтің, немістердің 214-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Кирдахтың, немістердің 291-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-майор Фангердің, немістердің 342-жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант Никкельдің өліктері табылды.

* * *

Шығыс Пруссияда Кенигсберг қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, дұшпанның Посмар өзені бойындағы ұзақ уақытқа арналып жасалған күшті бекіністі қорғану шебіне жетті. Кескілескен ұрыстардың барысында совет бөлімдері өзеннен өтіп, оның солжақ жағалауында Қосмален тіректі бекінісін алды, Жаудың 24 ірі атыс бекінісі алынды. Немістер Прейсич-Айлау қаласының солтүстік-шығыс жағында 4 километр жердегі Лампаш қыстағынан қуып шығарылды. Бір күнгі ұрыстарда жаудың 3 мыңнан аса солдаты мен офицері, дұшпанның 28 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды.

(Жалғасы 2-бетте).

Совет Хабаршы бюросынан

7 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кюстрин қаласының солтүстік және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыс тарын жүргізді. Душпан қайткен күнде Одар өзенінің шығыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шептерінен айырылып қалмауға тырысуда. Гитлершілдер ұзақ уақыт қа арналып жасалған қорғану шептеріне сүйене отырып, өлермендікпен қарсылық көрсетті, сөйтіп әлдеқанша рет қарсы ата жаға шықты. Совет бөлімдері жауға қауырт соққы беру нәтижесінде Кюстрин қаласының солтүстік жақ төңрегіндегі Альт-Древитц қыстағын алды. Әскерлеріміз Одердегі Прай қаласының кіре беріс іргелерін қорғап тұрған душпанның әскер тобын қатты жеңіліске ұшыратты, сөйтіп Франкфурттың шығыс жағында 5 километр жердегі Кунерсдорф қыстағын алды. Күн тәулік ішінде душпан тек өлідей ғана 5 мыңдай солдаты мен офицерінен айрылды. Немістердің 65 танкі мен 90 бронетранспортері қиратылды. өртелді.

Әскерлеріміз алған немістердің Кунерсдорф қыстағы орыстың соғыс тарихында белгілі. 7 жылдық соғыс кезінде, 1759 жылғы 14 августа Кунерсдорф түбінде генерал Салтыковтың басқаруындағы орыс әскерлері мен Пруссия король Фридрих Нің әскерлері арасында ірі шайқас болған болатын. Орыс әскерлері немістерді толық талқандап, оларды тозғындатып жібергін еді.

* * *

Бреслаудың (Бреславль) оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз душпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, Одер өзенінің батыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шепті кеңейту жөнінде ұрыстар жүргізді. Совет жауы әскерлері танкшілер мен артиллерияшылардың көмегімен немістерді Штрейлен қаласының солтүстік жағында 9 километр жердегі Гросбург қыстағынан қуып шығарды. Одердің сол жақ жағалауы бойымен шабуыл жасаушы екінші бөлімдеріміз 10 километр алға басып, немістердің тіректі қорғану бекінісі Прейсдорфты алды.

Кеше алынған немістердің Бриг қаласын да совет әскерлері жаудан көп олжа, оның ішінде 19 танк, 62 дала зеңбірегін, 1000 автомашина және соғыс мүлкін қойған склад қолға түсірді.

* * *

Будапеште әскерлеріміз душпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Қаланың немістердің қолында тұрған барлық бөлегін барлауға аса қолайлы Шашхедь тауы үшін кескілескен ұрыстар болды. Душпан Шашхедьті қуатты қорғану торабына айналдырған. Гитлершілдер бекіністеріне сүйеніп қасарыса қарсылық жасады. Гвардия бөлімшелеріміз Зайоми көшесін жаудан тазартып, шығыс жақтан тау етегіне жетті. Советтің екінші бір бөлімшелері бұл ауданға оңтүстік және солтүстік жақтан басып кірді. Бүгін жауынгерлеріміз немістердің ірі гарнизонын талқандап, Шашхедь тауын алды. Сол сияқты бір парк үшін қатты ұрыстар болды. Немістер парк жанында бірнеше атыс бекіністерін құрды. Офицер Вакусовтың басқаруындағы артиллерияшылар жауға қарсы оқ жаудырып, душпанның атыс ұяларының үнін өшірді. Шабуыл жасауға шыққан совет жауынгерлері бұл паркті немістерден тазартты. Қыспаққа алынған душпан орасан көп шығынға ұшырауда. Ұрыс болған жерде гитлершілдердің өліктері тау-төбе болып үйілп қалды.

* * *

Әскерлеріміз неміс армиясының орталық тағы әскер тобының қолбасшысы генерал-полковник Рейнгардтың жаңа жылға арнаған бұйрығын қолға түсірді. Бұйрықта былай делінген: «Орталықтағы әскер тобының солдаттары! 1944-соғыс жылын бақытсыздықпен өткіздік. Біздің әлі сағымыз сынған жоқ. Біз әлі тіріміз және қазіргі күнде біздің майданымыз өткен қыстардың қайсысынан болса да нығая түсті. Шығыс майдандағы дағдарыстан құтылғанымыздың белгісі көрініп тұр. Енді біздің күніміз қайта туды. Батыстағы жолдастарымыз қазірдің өзінде шабуылға шықты. Сол сияқты қажет болған жағдайда фюрер шығыс майдандағы солдаттарға: «алға ұмтылыңдар» деп ұран тастамақ. Бұл сағат соққанша, біз әрбір метр жерді қорғай береміз. Біз ешеміздің жоғары көтерілуі және жеңіске жететіндігімізге толық сенімменсоғыстың жаңа жылына аяқ баса аламыз».

Фашист генералдарын өмір тағы да қатты мазақ етті. Жақын арада ғана генерал Рейнгардт шақырып алдырған жүз мыңдай гитлершілдердің өліктері кең байтақ ұрыс даласында жайрап жатыр. Немістердің өліктерінің осындай тау-төбе болып үйілп қалуы 1945 жылдың бас кезінде совет-герман майданында неміс әскерлерінің қандай орасан зор жеңіліске ұшырағандығын өте айқын ыспаттайды.

Жаңа зор табыстарға жетеміз

Өткен жылы біздің колхоз ауыл шаруашылық жұмыстарында едәуір табыстарға ие болды. Егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 8 центнер өнім алынды.

Осының нәтижесінде колхозымыз мемлекетке астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындады, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 450 пұт астық тапсырды, алдымыздағы көктем егісіне керекті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде құйып алды. Колхозшылардың әрбір еңбек күніне бір килограм 600 грамм астық берілді.

Біз биыл егін өнімін бұданда молайтпақпыз. Сондықтан да колхозшылар өткен жылдың ауыл шаруашылық жұмысын аяқтасымен көктемгі егіске әзірлік жұмысының қарқынын еселеп күшейтті. Колхоз ұстасы Андрющенко жолдас ауыл шаруашылық құрал-саймандары жөндеуде көп еңбек сіңірді.

—Андрющенко—шын мәнісінде еңбек ері,—дейді колхозшылар. Айтса айтқандай. Оның қолынан келмейтін іс жоқ. Ол ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарының қайсысын болсын тыңғылықты әрі сапалы жөндейді. Андрющенко жолдас жуырда ескі соқалардың бөлшектерінен бір жаңа соқа жасап шығарды. Қазір колхоздың барлық құрал-саймандары егіс жұмыстарына толық әзірленді.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында тұқым мәселесіне ерекше назар аударылды. Құйылған тұқымның сапасын тексере келгенде, бидай тұқымының өнгіштігі 92 процент, сұлынікі-95 процент және тарынікі-82 процент болып шықты.

Колхозымызда агротехника шараларын жүзеге асыру жұмысы өріс алды. Егіс алаңының 75 процентіне қар тоқтатылды. Колхозшылардың күшімен жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жұмысы ұйымдастырылып, бұл жұмыс жеңінен өрістетілді.

Біздің колхозды МТС қамтымайды. Сондықтан да барлық жұмыс күш көлігімен істеледі. Жұмыс малы күтімге қойылды. Жұмыс малдарын күту таңдаулы колхозшыларға тапсырылды.

Егіс жерін іріктеп алу-егіннен мол өнім алу жолындағы шешуші шаралардың бірі болып саналады. Мұны өткен жылдың тәжрибелерінен анық көрдік. Демек, құнарсыз жердің әрбір гектарынан 5-6 центнер өнім алынса, құнарлы жердің әрбір гектарынан алынған өнім бұған қарағанда екі есе артық болды. Міне сондықтан да біз биыл егісті тың және тыңайтылған жерлерге салмақпыз.

Колхозымыздың көктемгі егіске әзірлігі осындай. Колхозшылардың көктемгі егісті үлгілі әзірлікпен қарсы алып, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалайтындығына сенім зор. Қазір колхозшы шаруалардың барлық күші 1945 жылы мемлекетпен толық есеп айырысу, сақтық қорын жасау, тұқым қорын толық құйып алу және колхозшылардың еңбек күндеріне мол астық беру жолына жұмсалып отыр.

Н. МАЛИНОВСКИЙ.

Петропавл ауданындағы «Путь Ильича» колхозының председателі

ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ

Қазақ совет поэзиясы мен көркем өнерін неғұрлым дамыту және халық ақындарын әйгілеп, тәрбиелеу мақсатында, еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомі мен ҚК(б)П облыстық комитетінің бюросы облыстың жеке колхоз, совхоздары, МТСтары мен аудандары арасында биылғы 15 февральға дейін халық ақындарының айтысын өткізу жөнінде арнаулы қаулы алды.

Халық ақындарының айтысы Преснов, Октябрь,Совет, Булаев және Ленин аудандарында өткізілетін болды. Халық ақындарының айтысы бұдан кейін облыс орталығында өткізілмек.

Өткізілгелі отырған айтыстың мақсаты мен міндеті—совет халықтарының ұлы жеңістеріне рух беруші және оны ұйымдастырушы кемеңгер кесеміміз Сталин жолдастың көркем әдебиеттегі тұлғасын тамаша шеберлікпен көрсете білу, жеңімпаз батыр Қызыл Армиямыздың, майдандағы және ел ішіндегі батырлардың қаһармандық істерін жырға қосып, колхоздардың совхоздар мен МТСтардың көрнекті табыстарын, еңбек майданы қызметкерлерінің майданға көмекті еселеп күшейту жөніндегі игілікті істерін дәріптеп, жұмыстағы елеулі кемшіліктердің бетін ашу, сөйтіп бұл кемшіліктерді жою жұмысына көмектесу болып саналады.

Халық ақындарының айтысына әзірлену және оны өткізу ісіне басшылық жасау үшін облыстық комиссия құрылды. Жергілікті жерде айтыс өткізу ісіне көмектесу үшін аудандарға әдебиет және саяси-ағарту қызметкерлерінен бір топ жолдастар жіберілді.

Көркем өнер дарындыларының өнерін байқау

Еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомі мен ҚК(б)П обкомінің бюросы өнеркәсіп орындары мен мекемелердегі көркем өнер дарындыларының өнерін байқау ісін өткізу жөнінде қаулы қабылдады. Февральдің 1нен 15 не дейін қаладағы өнеркәсіп орындарында, қолөнершілер артельдері мен мекемелерде көркем өнер дарындыларының (хор және жеке әншілер) өнерін байқау ісі, ал февральдың 15-нен 25не дейін қалалық байқау, 25 февральдан 15 мартқа дейін облыстық байқау өткізіледі.

Көркем өнер дарындыларының өнерін байқау ісіне үлгілі әзірленіп, оны өткізуге басшылық жасау үшін облыстық совет атқомі председателінің орынбасары Скворцов жолдастың басқаруында облыстық комиссия құрылды. Мұнымен қатар, қалалық комиссия, сол сияқты кәсіп орындары мен мекемелерде де комиссиялар құрылды.

ХАБАР

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1945 жылғы 2 февральдағы Указы бойынша, Юст Андрианович Буданцев, Николай Александрович Ерофеев, Ақай Оңғарбаев, Михаил Мефодьевич Поляков, Ыбрайым Тәжиев, Исағали Шәріпов және Виталий Александрович Шнырев жолдастар Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасарлары қызметінен босатылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1945 жылғы 2 февральдағы Указы бойынша, басқа жұмысқа ауысуы себепті Василий Александрович Белый жолдас Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары қызметімен босатылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1945 жылғы 2 февральдағы Указы бойынша, Ілияс Омарұлы Омаров жолдас Қазақ ССР Сауда Халық Комиссары қызметінен босатылды.

Лондонда кәсіпшілік одақтарының дүниежүзілік конференциясының ашылуы

ЛОНДОН, 6 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, бүгін Лондонда кәсіпшілік одақтарының дүниежүзілік конференциясы ашылған. Конференцияға 50 миллионнан аса жұмысшылар сайлаған 240 шамалы делегат қатысқан.

Конференцияның председательдері болып Кәсіпшілік Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің председателі В. В. Кузнецов, Британия тредюниондары конгресінің председателі Джордж Исаакс және АҚШтың өндірістік кәсіпшілік одақтары конгресінің вице председателі Томас сайланған. Конгрестің вице председательдері болып әрбір елден бір адамнан Франция, Қытай және Латын Америкасының өкілдері сайланған. Франциядан—жауға қарсылық жасау жөніндегі Ұлт Советінің председателі Луи Сайян, Латын Америкасынан—Латын Америкасы еңбек бірлестігінің председателі Винсенте Ломбардо Толедано сайланған.

Англияның бас министрі Черчилль конференцияға жіберген хатында Англияның кәсіпшілік одақтарының соғыс ісіне аса көрнекті еңбек сіңіргендігіне зор баға бере келіп, мынаны мәлімдеген: «Бірлесіп іс етудің маңызы болашақ жылдарда қазіргіден кем болмайды және осы конференцияға өкілдер жіберген барлық елдерде кәсіпшілік одақтарының жұмысына сол жоғары принциптер рух береді және рух бере беретін болады деп қатты сенім білдіремін».

Кең көлемді күн тәртібінде бүкіл дүниежүзі жұмысшыларының соғыс ісіне қосқан үлесінен бастап жұмысшылардың бейбітшілік орнату жөнінде қойған талабына дейін көтерілген мәселелер қамтылған.Мұнымен қатар, күн тәртібіне кәсіпшілік одақтарының дүниежүзілік бірлестігін құру және соғыстан кейін бейбітшілік орнату ісінде жұмысшылар қозғалысының қандай орын алуға тиіс екендігін белгілеу жөніндегі ұсыныстар қосылған.

Мандат комиссиясы бес адамнан құрылған. Бұған Британия тредюниондары конгресінен, совет кәсіпшілік одақтары мен Американың өндірістік кәсіпшілік одақтары конгресінен бір-бір өкіл сайланған. Қалған екі мүше ашық дауыспен Чехословакия және Мексика өкілдерінен сайлануға тиіс. Конференция ашылғанда Кәсіпшілік одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің председателі В. В. Кузнецов және Джордж Исаакс сөз сөйлеген.

Берлиндегі жағдай жөнінде

СТОКГОЛЬМ, 6 февраль. (ТАСС). Швеция газеті 4 февральда кешкіліктен бастап Берлинде өрт болып жатқандығын хабар етті. Жүз мыңдаған адамдар өрт қаулаған астанадан қашып кетіп жатыр. Олардың көпшілігі батыс пен оңтүстік-батысқа қарай жаяу шұбыруда. Босқындардың көптігі сондай, тіпті жолдарда аяқ алып жүргісіз. Ратуши, Тиргартен, Унтерденлинден, Александрплац аудандарында өте үлкен өрттер шыққан.

«Экспрессен» газеті Берлиннен жаңада ғана келген бір шведтің әңгімесін жариялаған. «Берлинде барлық өкімет билігі,—деп мәлімдеді ол.—гестапо мен эсэсшілердің қолында. Берлиннің көшелерінде байрығы әскер солдаттарын мүлде дерлік көре алмайсыз. Берлинде абырсыздық пен үрейленушілік айтып жеткізгісіздей етек алған. Адамдар өкімет орындарынан үмітсіз нұсқау күтуде. Босқындар мен үйсіз-күйсіздерді орналастыру ісімен шұғылданатын ұйымдарда тәртіпсіздік етек алған».

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Редакцияның адресі: ҚССР Петропавл қаласы, Ленин көшесі. 12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00021.